
2017 ЖЫЛҒЫ ҮЛГІДЕГІ НОМИНАЛЫ 500 ТЕҢГЕЛІК БАНКНОТ





Номиналы: 500 теңге
Өлшемі: (мм): 130х67
Басым түсі – көк-көгілдір.



① **СУТАМҒЫ БЕЛГІ**
Жарыққа тосып қарағанда айқын көрінетін қарама-қарсы қою және ашық реңдерден тұратын “Самұрық” мифтік құсының бейнесі бар.



② **ҚОСАРЛАНҒАН БЕЙНЕЛЕР**
Банкноттың бет және сырт жақтарында басылған бейнелердің фрагменттері жарыққа тосып қарағанда кезде тұтас суретті құрап, дәл сәйкес келеді.



③ **ИНТАГЛИО БАСЫП ШЫҒАРУ**
Жоғары бедерлі бояу қабаты бар қорғаныш элемент, саусақтың ұшымен жақсы ажыратылады.



④ **АЛТЫН ИНТАГЛИО**
Алтын түстес металл бояудың жоғары бедерлі тығыз қабаты бар қорғаныш элементі. Түрлі түсті көшіруден жоғары деңгейде қорғайды.



⑤ **ФОЛЬГА**
Фольга элементі банкноттың сырт жағында құстың бейнесі түрінде орналастырылған. Ою-өрнектен және номиналдан тұрады.



⑥ **ҚОРҒАНЫШ ЖІБІ**
Қағаздың бет жағына үзік-үзік жіп түрінде шығатын, номиналы және «АСТАНА» деген сөз бейнеленген, ені 2 мм қорғаныш жібі.



⑦ **КӨЗІ НАШАР КӨРЕТІН АДАМДАРҒА АРНАЛҒАН БЕЛГІ**
Банкноттың бет жағында саусақтың ұшымен жақсы ажыратуға болатын жоғары бедерлі шығыңқы элементтер бар.

2014 ЖЫЛҒЫ ҮЛГІДЕГІ НОМИНАЛЫ 1000 ТЕҢГЕЛІК БАНКНОТ






Номиналы: 1000 теңге
Өлшемі: (мм): 134х70
Басым түсі: сарғыш-қоңыр.



1 **СУТАМҒЫ БЕЛГІ**
Жарыққа тосып қарағанда айқын көрінетін қарама-қарсы қою және ашық реңдерден тұратын “самұрық” мифтік құсының бейнесі бар.



2 **ҚОСАРЛАНҒАН БЕЙНЕЛЕР**
Банкноттың бет және сырт жақтарында басылған бейнелердің фрагменттері жарыққа тосып қараған кезде тұтас суретті құрап, дәл сәйкес келеді.



3 **ТҮСІ ОПТИКАЛЫҚ ӨЗГЕРЕТІН БОЯУ**
Банкноттың көлбеу бұрышын өзгерткен кезде бояудың түсі қызыл күрең түстен жасыл түске ауысады.



4 **СПАРК®**
Spark® элементі банкноттың бет жағында гүлдің бейнесі түрінде орналастырылған, банкноттың көлбеу бұрышын өзгерткен кезде жасыл түстен алтын түске ауысады. Банкнотты түрлі бұрышта біртіндеп аударған кезде элемент бойында түрлі түсті жолақтың ауысуы көрінеді.



5 **ҚОРҒАНЫШ ЖІБІ**
Қағаздың бет жағына үзік-үзік жіп түрінде түс ауыстыру қасиеті бар ені 4 мм қорғаныш жібі орналасқан. Жіптің үстінде «самұрық» құсының сұлбасы, «1000» цифры, теңге белгісі «₸», сондай-ақ «ҚАЗ» жазбасы бейнеленген.



6 **КӨЗІ НАШАР КӨРЕТІН АДАМДАРҒА АРНАЛҒАН БЕЛГІ**
Банкноттың бет жағында саусақтың ұшымен жақсы ажыратуға болатын жоғары рельефті шығыңқы элементтер бар.

2012 ЖЫЛҒЫ ҮЛГІДЕГІ НОМИНАЛЫ 2000 ТЕҢГЕЛІК БАНКНОТ






Номиналы: 2000 теңге
Өлшемі: (мм): 139х73
Басым түсі: қою және ашық жасыл.



① **СУТАМҒЫ БЕЛГІ**
Жарыққа тосып қарағанда айқын көрінетін қарама-қарсы қою және ашық реңдерден тұратын “самұрық” мифтік құсының бейнесі бар.



② **ҚОСАРЛАНҒАН БЕЙНЕЛЕР**
Банкноттың бет және сырт жақтарында басылған бейнелердің фрагменттері жарыққа тосып қараған кезде тұтас суретті құрап, дәл сәйкес келеді.



③ **ҚОРҒАНЫШ ЖІБІ**
Банкноттың бет жағында түс ауыстыру қасиеті бар ені 4 мм қорғаныш жібі орналасқан.



④ **ИРИДЕСЦЕНТТІК БЕЙНЕ**
Киіктің суреті банкноттың бет жағында алтын түстес жылтырағы бар арнайы бояумен басылған. Банкноттың көлбеу бұрышы өзгерген кезде көрінеді.



⑤ **СПАРК**
Spark ® элементі банкноттың бет жағында киіктің бейнесі түрінде орналастырылған, банкноттың көлбеу бұрышын өзгерткен кезде жасыл түстен алтын түске ауысады.



ГОЛОГРАФИЯЛЫҚ ЖОЛАҚ
⑥ Банкноттың сырт жағында номиналы, стильдендірілген киіз үй және мемлекеттік тудың фрагменті бейненленген, ені 13 мм голографиялық жолақ орналасқан.



⑦ **КӨЗІ НАШАР КӨРЕТІН АДАМДАРҒА АРНАЛҒАН БЕЛГІ**
Банкноттың бет жағында саусақтың ұшымен жақсы ажыратуға болатын жоғары рельефті шығыңқы элементтер бар.

2011 ЖЫЛҒЫ ҮЛГІДЕГІ НОМИНАЛЫ 5000 ТЕҢГЕЛІК БАНКНОТ






Номиналы: 5000 теңге
Өлшемі: (мм): 144х76
Басым түсі: қызыл-көкшіл.



1 **СУТАМҒЫ БЕЛГІ**
Жарыққа тосып қарағанда айқын көрінетін қарама-қарсы қою және ашық реңдерден тұратын “самұрық” мифтік құсының бейнесі бар.



2 **ҚОСАРЛАНҒАН БЕЙНЕЛЕР**
Банкноттың бет және сырт жақтарында басылған бейнелердің фрагменттері жарыққа тосып қараған кезде тұтас суретті құрап, дәл сәйкес келеді.



3 **ҚОРҒАНЫШ ЖІБІ**
Банкноттың бет жағында түс ауыстыру қасиеті бар ені 6 мм қорғаныш жібі орналасқан.



4 **ГОЛОГРАФИЯЛЫҚ ТАСПА**
Банкноттың сырт жағында ұшып келе жатқан құс, алма және номинал цифры бейнеленген, ені 18 мм голографиялық жолақ орналасқан.



5 **ЖАСЫРЫН БЕЙНЕ**
Екі бейне, олардың бірі жай жарық түсіргенде, ал екіншісі жарыққа тосып қарағанда көрінеді.



6 **КӨЗІ НАШАР КӨРЕТІН АДАМДАРҒА АРНАЛҒАН БЕЛГІ**
Банкноттың бет жағында саусақтың ұшымен жақсы ажыратуға болатын жоғары рельефті шығыңқы элементтер бар.



7 **СПАРК**
Spark ® элементі банкноттың бет жағында барыстың қанаты түрінде орналастырылған, банкноттың көлбеу бұрышын өзгерткен кезде жасыл түстен алтын түске ауысады.

2012 ЖЫЛҒЫ ҮЛГІДЕГІ НОМИНАЛЫ 10000 ТЕҢГЕЛІК БАНКНОТ






Номиналы: 10000 теңге
Өлшемі: (мм): 149х79
Басым түсі: көкшіл-күлгін.



1 **СУТАМҒЫ БЕЛГІ**
Жарыққа тосып қарағанда айқын көрінетін қарама-қарсы қою және ашық реңдерден тұратын “самұрық” мифтік құсының бейнесі бар.



2 **ҚОСАРЛАНҒАН БЕЙНЕЛЕР**
Банкноттың бет және сырт жақтарында басылған бейнелердің фрагменттері жарыққа тосып қараған кезде тұтас суретті құрап, дәл сәйкес келеді.



3 **ЖАСЫРЫН БЕЙНЕ**
Екі бейне, олардың бірі жай жарық түсіргенде, ал екіншісі жарыққа тосып қарағанда көрінеді.



4 **МӨЛДІР ОРЫН (ОПТИКС)**
Банкноттың бет жағында металл жылтырағына тән, ені 18 мм металсыз полимерлік жолағы орналасқан. Банкноттың сырт жағында жарыққа тосып қарағанда ашық орында қорғаныш таспадағы сурет жақсы көрінеді.



5 **СПАРК**
Spark ® элементі банкноттың бет жағында көгершіннің бейнесі түрінде орналастырылған, банкноттың көлбеу бұрышын өзгерткен кезде жасыл түстен алтын түске ауысады.



6 **ҚОРҒАНЫШ ЖІБІ**
Банкноттың бет жағында түс ауыстыру қасиеті бар ені 6 мм қорғаныш жібі орналасқан.



7 **КӨЗІ НАШАР КӨРЕТІН АДАМДАРҒА АРНАЛҒАН БЕЛГІ**
Банкноттың бет жағында саусақтың ұшымен жақсы ажыратуға болатын жоғары рельефті шығыңқы элементтер бар.

2013 ЖЫЛҒЫ ҮЛГІДЕГІ НОМИНАЛЫ 20000 ТЕҢГЕЛІК БАНКНОТ





Номиналы: 20000 теңге
Өлшемі: (мм) 155х79
Басым түсі: сұр.



① **СУТАМҒЫ БЕЛГІ**
Жарыққа тосып қарағанда айқын көрінетін қарама-қарсы қою және ашық реңдерден тұратын “самұрық” мифтік құсының бейнесі бар.



② **ҚОСАРЛАНҒАН БЕЙНЕЛЕР**
Банкноттың бет және сырт жақтарында басылған бейнелердің фрагменттері жарыққа тосып қараған кезде тұтас суретті құрап, дәл сәйкес келеді.



③ **ҚОРҒАНЫШ ЖІБІ**
Банкноттың бет жағында түс ауыстыру қасиеті бар ені 5 мм үзік-үзік қорғаныш жібі орналасқан.



④ **МӨЛДІР ОРЫН**
“Самұрық” мифтік құсының сұлбасы түріндегі толығымен мөлдір орын екі жағынан да көрінетін банкноттың жоғары бөлігінде орналасқан.





⑤ **ОПТИКАЛЫҚ ТҮСІ ӨЗГЕРЕТІН БОЯУ (OVI)**
Банкноттың көлбеу бұрышын өзгерткен кезде бояудың түсі қызыл күрең түстен алтын түске ауысады.



⑥ **КӨЗІ НАШАР КӨРЕТІН АДАМДАРҒА АРНАЛҒАН БЕЛГІ**
Банкноттың бет жағында саусақтың ұшымен жақсы ажыратуға болатын жоғары рельефті шығыңқы элементтер бар.



⑦ **СПАРК**
Spark ® элементі банкноттың бет жағында пырақтың бейнесі түрінде орналастырылған, банкноттың көлбеу бұрышын өзгерткен кезде жасыл түстен алтын түске ауысады.